

## Әуликөл ауданында 2012 жылға арналған тұрғындардың нысаналы топтарын белгілеу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 25 қарашадағы № 403 қаулысы. Қостанай облысы Әуликөл ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 21 желтоқсанда № 9-7-148 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5, 7-баптарына сәйкес, Әуликөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І** :

1. Қосымшаға сәйкес, Әуликөл ауданында 2012 жылға арналған жұмыспен қамтуға ықпал жасау үшін тұрғындардың нысаналы топтары белгіленсін.

2. "Әуликөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі тұрғындардың нысаналы топтарына кіретін тұлғалардың жұмыспен қамтылуына ықпал жасау бойынша шараларды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Р. Нұрмановаға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ғ. Нұрмұхамбетов

КЕЛІСІЛДІ:

"Әуликөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ бастығы

Оспанов С.Ә.

Ә к і м д і к т і ң

2011 жылғы 25 қарашадағы

№ 403 қаулысына қосымша

## Әуликөл ауданында 2012 жылға арналған жұмыспен қамтуға ықпал жасау үшін тұрғындардың нысаналы топтары

Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2012.05.11 № 141 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Табысы аз адамдар.
2. Жиырма бір жасқа дейінгі жастар.
3. Балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар.
4. Кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызбасты, көпбалалы ата-аналар.
5. Қазақстан Республикасының Заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар.
6. Зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуына екі жыл қалған).
7. Мүгедектер.
8. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің қатарынан босаған адамдар.
9. Бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар.
10. Оралмандар.
11. Жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер.
12. Жұмыс берушінің - заңды тұлғаның таралуына не жұмыс беруші - жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар жатады.
13. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер.
14. Ұзақ уақыт бойы жұмыс істемеген азаматтар (бір жылдан артық).
15. Бұрындары жұмыс істемеген жұмыссыздар (жұмыс өтілі жоқ).
16. Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар.